

**Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы
мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 24 шілде N 924. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бекітілсін:

Іргелі зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр).

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1997.12.04. N 1698 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасында ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 2, 28-бап) 2-тармағындағы екінші абзац алынып тасталсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2 абзацы күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1663 қаулысымен.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 шілдедегі
N 924 қаулысына
3 қосымша

**Іргелі зерттеулер бағдарламаларын
қаржыландыру тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес әзірленді және ол іргелі зерттеулер бағдарламаларын нысаналы бюджеттік қаржыландыру тәртібін белгілейді.

2. Іргелі зерттеулердің мақсаты табиғат, әлеуметтік жүйелердің даму заңдылығы туралы принципті жаңа білім алу және экономиканы жаңғырту мен қоғамның, ғылым мен білімнің тұрақты дамуының ғылыми негіздерін әзірлеу болып табылады. Бюджеттік қаржыландыруда республиканың ғылыми-техникалық прогресінің басым бағыттары бойынша іргелі зерттеулерге артықшылық беріледі.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы (бұдан әрі - Ғылыммині - Ғылым академиясы) ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік басқарудың бірыңғай органы бола отырып, еліміздің ғылыми мекемелері, жоғары оқу орындары жекелеген ғалымдары орындайтын іргелі зерттеулерді үйлестіреді және алынған нәтижелерді мемлекеттік қабылдап алуды ұйымдастырады.

4. Ғылыммині - Ғылым академиясы кең ғылыми жұртшылықты және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы тарта отырып іргелі зерттеулердің жаңашылдығы мен деңгейіне талдау жасайды. Ғылымның бағыттары бойынша бөлімшелердің кеңестері, Білім министрлігінің сарапшы кеңестері, Ғылыммині - Ғылым академиясының жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық кеңестің іргелі зерттеулер жөніндегі кеңесі іргелі зерттеулердің басым бағыттарын айқындайды.

5. Іргелі зерттеулердің басым бағыттары бойынша Ғылыммині - Ғылым академиясы бөлімшелерінің жанынан ведомстволық бағыныстылығына қарамастан республиканың жетекші ғалымдары арасынан ғылыми кеңестер құрылады. Бұл кеңестер республиканың барлық мүдделі ғылыми ұжымдары мен жекелеген ғалымдарын қатыстыра отырып, ашық конкурс негізінде іргелі зерттеулердің нақты бағдарламаларын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды қарайды. Конкурстың шарттары республикалық баспасөзде жарияланады.

6. Конкурсқа өткізілетін барлық құжаттар міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өткізіледі (іргелі зерттеулер бағдарламаларына сараптама жүргізу туралы ережені Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді).

7. Ғылыммині - Ғылым академиясы Жоғары ғылыми-техникалық кеңестің ұсыныстары және іргелі зерттеулер жөніндегі кеңестің қорытындыларын ескере

отырып, іргелі зерттеулердің тиісті бағдарламаларын бекіту және оларды қаржыландыру туралы шешім қабылдайды, бағдарламалар бойынша бас ұйымдарды белгілейді.

Іргелі зерттеулердің нақты бағдарламасы бойынша бас ұйым ретінде Ғылыммині - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты мекемелермен қатар ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кез келген ұйым белгіленуі мүмкін. Оларды таңдап алуда қажетті құрал - аппаратурамен қамтамасыз етілген, зерттеулердің тиісті бағыты бойынша ғылыми мектебінің болуы айқындаушы өлшем болуға тиіс.

8. Бекітілген іргелі зерттеулерді Ғылыммині - Ғылым академиясы бағдарламалар жөніндегі бас ұйымдар арқылы қаржыландырады.

9. Іргелі зерттеулер жүргізуге кезекті қаржы жылына арналған бюджеттік қаржының көлемі ағымдағы жылдың маусым-шілдесінде бас ұйымдардың мемлекеттік ғылыми техникалық сараптамадан өткен қорытылған ұсыныстарының негізінде қалыптастырылады. Бұл көлемдер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары жобасының ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың жалпы көлеміне қосылады, оны Қазақстан Республикасының Экономминімен бірлесе отырып Ғылыммині - Ғылым академиясы мүдделі орталық атқарушы органдар ұсыныстарының талдамасы мен сараптамасының негізінде түзеді.

10. Белгіленген тәртіппен республикалық бюджет бекітілгеннен кейін Ғылыммині - Ғылым академиясы іргелі зерттеулер бағдарламалары бойынша бас ұйымдарды қаржыландыру көлемдерін түпкілікті айқындайды. Бас ұйымдарды қаржыландыру келіп түскен бюджеттік қаражат көлеміне сайма-сай жүзеге асырылады.

11. Іргелі зерттеулер бағдарламасын іске асыруға жауапты бас ұйымдар өз қызметін ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ғылыммині - Ғылым академиясы бас ұйымдардың қызметін үйлестіреді және іргелі зерттеулердің әрбір бағдарламасына бөлінген бюджеттік қаржының тиімді пайдаланылуына бақылау жасайды.